



# Педагогтың сөйлеу мәдениеті

**ЖШС «Алтын Самұрық» бөбекжай - балабақшасы  
тәрбиеші: Қ.Жексенбаева**



## Педагогтың сөйлеу мәдениеті

«Тәрбиеші тек сабақ беріп қана қоймай, сонымен қатар тәрбиеші адал, әділетті, шыншыл адам болуы керек».

(К.Д.Ушинский)

## **Педагог тілі – балалардың сөйлеу тілін дамытудың негізгі көзі**

Қазіргі замандағы тәрбиешінің сөйлеу мәдениеті ол іздену бағытындағы жеке-дара және күрделі әлеуметтік жүйе.

Тәрбиешінің сөйлеу мәдениеті - бұл оның кәсіби қызметі мен міндетінде, әлеуметтік- педагогикалық іс-әрекетінде жеке дара шығармашылық пен ізгілендіру бағытындағы көрінісі.

Атап айтқанда ойлау, бірлескен іс-әрекет, сөйлеу мәдениеті, өзара қарым-қатынас мәдениеті, педагогтың коммуникативтік қарым-қатынасының нәтижесі .

# Тәрбиешінің атқаратын коммуникативтік қызметі:

- Балалардың арасында өзара қарым-қатынас қалыптастыру, ұжымға үйренуге, қатарларының арасында өзін қанағаттандыратын статусқа ие болуға көмектесу;
- Бала-ата-ана, ата-ана-бала арасындағы өзара қолайлы байланысты орнату;
- Балалардың қоршаған ортамен қолайлы қатынас орнатуы;
- Ұжымда әр балаға қолайлы психологиялық ахуал орнатуға үлес қосу.

## Педагогтың сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар:

Жас шамасына қарай әр балалар өз педагогтарымен шаруашылық-тұрмыстық және еңбек іс-әрекетінде қатынас жасайды. Педагог балалардың ойындарын ұйымдастырады, программада көрсетілген барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өту, кітап оқу кезінде балаларды көркем шығармалардың авторларының сөздерімен таныстырады. Демек, балалар тәрбиеленетін мекемелерде тілді дамыту потенциялының мүмкіндігі түгелімен педагогтың сөзінің сапасына байланысты. Педагог үшін үлгі сөйлеу тілін меңгеру – бұл кәсіби даярлығының көрсеткіші. Сондықтан өзінің сөйлеу тілін жетілдіру – болашақ әрбір педагогтың адамгершілік және қоғамдық парызы. Ол кейін балаларға берілетін тілдік дағдыларды жетік меңгеруге тиіс.

# Педагогтың сөйлеу мәдениетін маңыздылығы:

Балалар тікелей араласу барысында сөздің дыбыстың мәдениетін тура жолмен қабылдайды, өйткені балалар сөзді дұрыс айтуға ересек адамдардың, ең алдымен тәрбиешінің, сөзіне еліктеу арқылы үйренеді. Әр педагог ана тілінің жоғары сөйлеу мәдениетін игеруге тиіс, яғни көркем әдебиетті мәнерлеп оқу және әңгімелеп беру дағдысы болуы керек.

# Педагогтің мәдени қарым-қатынасы:

Этикалық, шыншылдық, шынайы және сенімділік қарым-қатынасы, адамға деген сенім, балаға деген махаббат пен сыйластық, бірлескен іс-әрекет атқаруға қабілеті, ұжыммен жұмыс істей білуі, оқушының ата-анасымен дұрыс қарым-қатынас жасай алуы.

Кәсіби компоненті: таңдаған мамандығына деген тұрақты қызығушылығы, оқу- тәрбиелеудегі әдіс-тәсілді дұрыс қолдана алуы, баланың психологиясын білуі, өз пәнін жетік білуі, эрудиция, дауыс пен ым және базынаның болуы.

Психологиялық компоненты: педагогикалық ойлау, қиялдау, бақылау, ерік-жігер, сабақ берудегі қызығушылығы, шығармашылығы, уайымдау қабілеті, оқушының жеке тұлғасына қатысты іс-әрекеттің нақтылығы.